



Jaqsynyń aty ólmeidi, álimniń haty ólmeidi

BUQAR JYRAY

JARSHYSY

№13
(1656)

4

sáýir 2026 jyl
апреля 2026 года

Buqar jyraý aýdandyq aptalyq gazetі Еженедельная газета Бухар-Жырауского района
Gazet 1939 jylдың 12 sáýirinen bastap shygady Газета издаётся с 12 апреля 1939 года

Еңбектің лайықты бағасы – жоғары марапат

15 наурыз күні халқымыз жаңа Конституцияға қатысты жалпыұлттық референдумға белсенді қатысып, мемлекетіміздің келешек даму бағытын айқындауға өз үлесін қосты.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Конституциялық реформа жөніндегі комиссияның нәтижелі еңбегіне ерекше тоқталып, Ата Заңның мәні мен мазмұнын халыққа кеңінен түсіндіру, насихаттау жұмыстарын жүргізген Жалпыұлттық коалиция мүшелері мен белсенді азаматтарға алғысын білдірді.

Қарағанды облысы әкімдігінің ғимаратында өтті. Рәсімді Ермағанбет Бөлекпаев жүргізіп, марапат иелерін құттықтады.

Марапаттарды табыстау барысында өңір басшысы бұл марапаттар Қарағанды облысында өткен жалпыұлттық референдумды ұйымдастыру және өткізу кезінде атқарылған ауқымды жұмыстың лайықты бағасы екенін атап өтті.

- Облыс тұрғындары жоғары азаматтық белсенділік танытып, ел болашағы үшін маңызды саяси науқанға жауапкершілікпен қатысты, - деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Өңір басшысының айтуынша, мұндай маңызды мемлекеттік іс-шараларды жоғары деңгейде өткізу – жергілікті атқарушы органдардың үйлесімді жұмысы мен кәсіби біліктілігінің нәтижесі. Бұл ретте аудан әкімдерінің орынбасарлары ұйымдастыру жұмыстарында ерекше жауапкершілік танытып, өздеріне жүктелген міндеттерді сапалы әрі уақытылы орындады.

Осы күні Қарағанды облысының қалалары мен аудандарындағы әкімдердің алты орынбасары «Алтын Барыс» төсбелгісімен және Мемлекет басшысының Алғыс хатымен марапатталды. Бұл – өңірдегі мемлекеттік қызметшілердің еңбегіне берілген жоғары баға әрі олардың ел алдындағы жауапкершілігін арттыра түсетін маңызды ынталандыру.

Әлия Шайкенова ұзақ жылдар бойы мемлекеттік қызмет саласында еңбек етіп, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына, қоғамдық-саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуге өз үлесін қосып келеді.

Оның кәсіби біліктілігі, жауапкершілігі мен іскерлік қабілеті әріптестері арасында жоғары бағаланып, халық сеніміне ие болған.

Мұндай марапаттар – адал еңбек пен елге қызмет етудің нақты нәтижесі. Сонымен қатар, бұл – жас мемлекеттік қызметшілер үшін үлгі боларлық маңызды жетістік.

Әлия Елубайқызын жоғары марапатымен шын жүректен құттықтаймыз! Еңбегіңіз еленіп, абыройыңыз арта берсін. Алдағы уақытта да ел игілігі жолындағы қызметіңіз табысты болып, жаңа белестерді бағындыра беруіңізге тілектеспіз!

Б.ЖАКЕШОВА



Сонымен қатар, референдумның жоғары деңгейде өтуіне үлес қосқан азаматтар мемлекеттік марапаттарға ұсынылды. Осы қатарда жерлесіміз Әлия Елубайқызы Шайкенованың болуы – ел игілігі жолындағы еңбектің лайықты бағалануының айқын көрінісі деп білеміз.

Аудан әкімінің орынбасары Әлия Шайкенова «Алтын Барыс» төсбелгісімен және Мемлекет басшысының Алғыс хатымен марапатталды. Бұл – мемлекеттік қызметтегі жоғары кәсібилік пен ел дамуына қосқан елеулі еңбектің бағасына берілген марапат.

Салтанатты марапаттау рәсімі 27 наурыз күні Қа-

Кадрлық тағайындау

Бұқар жырау ауданында - жаңа прокурор

Қазақстан Республикасы Бас прокуратураның бұйрығымен Бұқар жырау ауданының прокуроры Алмат Қуатұлы Наханов тағайындалды.

А.Наханов еңбек жолын прокуратура органдарында 2016 жылы Балқаш қаласы прокуратурасының прокуроры қызметінен бастаған.

2017-2023 жылдары Теміртау қаласы, Қарағанды және Ұлытау облыстары прокуратураларында қызмет атқарып, 2023 жылы Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Қылмыстық қудалау қызметіне тағайындалған.

2024 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Сотқа дейінгі тергеп-тексеру қызметінде Бас прокурордың көмекшісі лауазымын атқарды.

Бұқар жырау ауданының экс-прокуроры Асқар Қайратұлы Үйсінбаев Приозерск қаласының прокуроры болып тағайындалды.



Құрметті бұқаржыраулықтар!



Жалпыұлттық экологиялық акция

Қалалар мен аудан тұрғындарының тіршілік ету жайлылығын қамтамасыз ету және сыртқы бейнені жақсарту үшін, **2026 жылдың 4 сәуірі мен 6 маусым аралығында** Қарағанды облысының қалалары мен елді мекендерін абаттандыру, санитарлық тазалау және

кеғалдандыру бойынша көктемгі екі айлық жарияланды.

2026 жылғы 4 сәуір және 2 мамыр облыстық сенбіліктер өткізу күндері болып анықталды.

2026 жылғы 11 сәуір, 18 сәуір, 25 сәуір, 16 мамыр, 23 мамыр, 30 мамыр және 6 маусым аудандық сенбіліктер өткізу күндері болып анықталды.

Апта сайын «бейсенбі» санитарлық күн болып жарияланды.

Шаруашылық субъектілерінің, шаруа қожалықтарының, жеке меншік кәсіпорындардың басшыларын тұрғындарға қоқыс шығаруға ықпал жасауды сұраймыз.

Аудан тұрғындарын, мекеме және ұйымдардың басшыларын ауданның елді мекендерін көркейту және санитарлық тазартуға белсенді қатысуға шақырамыз.

Қоқысты және қатты тұрмыстық қалдықтарды арнайы белгіленген жерлерге шығару қажет.

Қоқысты арнайы белгіленбеген жерге шығарғаны үшін айыппұл салынады:

- жеке тұлғалар үшін – 20 АЕК-ке дейін;
- шағын және орта бизнес тұлғалары үшін – 30-дан 40 АЕК-ке дейін;
- ірі бизнес тұлғалары үшін – 100 АЕК-ке дейін.

Коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі

Уважаемые бухаржыраусцы!

Для улучшения внешнего облика и обеспечения комфортности проживания населения, в рамках республиканской акции «Таза Қазақстан» в период с **4 апреля по 6 июня 2026 года** объявляется весенний двухмесячник по благоустройству, санитарной очистке и озеленению населенных пунктов Карагандинской области.

Днями проведения областных субботников определены **4 апреля и 2 мая**.

Днями проведения районных субботников определены **11 апреля, 18 апреля, 25 апреля, 16 мая, 23 мая, 30 мая и 6 июня**.

Еженедельно «четверг» объявлен санитарным днем.

Руководителей хозяйствующих субъектов, крестьянских хозяйств, частных предприятий просим оказать содействие населению в вывозке мусора.

Просим население района, руководителей учреждений и организаций всех форм собственности принять активное участие в санитарной очистке, благоустройстве и озеленении населенных пунктов района.

Напоминаем, что вывоз мусора и твердо-бытовых отходов необходимо производить в специально отведенные для свалки места.

За вывоз мусора в неотведенные для этого места налагается штраф:

- на физических лиц – до 20 МРП;
- на субъекты малого и среднего бизнеса – от 30 до 40 МРП;
- на субъекты крупного предпринимательства – до 100 МРП.

Отдел коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог